Бекітемін:
«Туберкулез дуруына қарсы санаторлық түрдегі
«Нұр» баабақшасының» директоры
Космагамбетова Ш.Т

Педагогикалық әдеп кеңесінің жоспары
2025-2026 оқу жылы

№	Мазмұны	Мерзімі	Өткізу түрі
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1отырысы Күн тәртібінде 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту 2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті 3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті	Қыркүйек	Дөңгелек үстел
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы . Күн тәртібінде 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	Желтоқсан	Дөңгелек үстел
3	«Құқықтық сауаттылық – заман талабы»	Қаңтар	Дөңгелек үстел
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы. Күн тәртібінде 1. Педагогтардың құқықтары 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары 3. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау	Наурыз	Дөңгелек үстел
5	«Педагог дауысы»	Сәуір	ашық брифинг кездесу
6	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы Күн тәртібінде 1. Педагог бейнесі 2. Өзіңді өзің тәрбиелеу жолдары 3. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары	Мамыр	Дөңгелек үстел

Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі „Нұр" балабақшасы" педагогикалық әдеп кеңесінің №1. хаттамасы.

2025-2026 оқу жылы

Күн тәртібінде.

1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.

2. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.

3. Педогогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

1 мәселе. Тыңдалды Ш.Т. Космагамбетова Ш.Т. педагогикалық этика және этикалық кеңес құру туралы жобалық ережені таныстырды. Ережеде педагогтардың кәсіби тәртібі, әдеп нормалары, кеңестің құрамы мен жұмыс тәртібі қамтылған. Негізгі қағидаттар адалдық пен әділеттілік, құрмет пен сенім, кәсіби құпияны сақтау, әлеуметтік жауап кершілік, зорлық зомбылық пен дискриминацияға қарсы тұру. Кеңестің функциялары: этикалық нормаларды бұзу фактілерін қарау; педагогтарға кеңес беру және қолдау көрсету; алдын алу шараларын ұйымдастыру, қайталанатын бұзушылықтар бойынша ұсыныс беру.

2 мәселе. Тыңдалды әдіскер Смағұлова Г.Ш. педагогтардың киім кию мәдениеті мен кәсіби сыртқы келбеті туралы баяндама жасады. Педагогтің сыртқы келбеті – білім алушыларға үлгі болуы тиіс екені, классикалық, жинақы, таза және әдепке сай болуы қажет екені атап өтілді.

3 мәселе. Тыңдалды. Директор Космагамбетова Ш.Т. педагогикалық этика кодексінің негізгі нормаларын таныстырды.

Әрбір педагог – өз қызметінде әділ, сыйластықпен, жауапкер шілікпен әрекет етуі тиіс. Білім алушылармен, ата-аналармен, әріптестермен әдеп нормаларын сақтау – басты міндет.

Шешім: 1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ереже біз ауыздан мақулданып, бекітілсін. Этикалық кеңес құрылсын.

2. Педагогтерге кәсіби қызметін атқару барысында сыртқы келбеттің талаптарына сай болу міндеттелсін.

3. Педагогикалық этика нормаларын сақтау барлық педагогикалық қызметкерлер үшін міндетті деп танысын.

Кеңес торайымы: [signature] Космагамбетова Ш.Т.

Хатшы: [signature] Бимашева Г.Б.

„Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі „Нұр" балабақшасы педагогикалық әдеп кеңесінің №2 хаттамасы.

Қаралатын мәселелер:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау.

2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика

3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәнері.

Қатысқаны 6 педагог

Қатыспағаны 1 педагог еңбек демалысында.

Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші Космагамбетова сөз сөйледі.

Педагогикалық әдеп - тәрбиешінің кәсіби мәдениеті-
ніз ажырамас бөлігі. Балалармен, ата-аналармен
және әріптестермен қарым-қатынаста сыпайылық,
сабырлылық, әділдік таныту - педагогтың басты
борышы. Ал, педагогикалық тактика - әр жағдайға
сай дұрыс шешім қабылдай білу, баланың жеке
ерекшелігін ескере отырып әрекет ету.
Тәрбиеші Ербалюкова М.А. өз тәжірибесінен мысал
келтіріп, баланың эмоциясын түсініп, жылы сөз айту
арқылы тәртіп бұзушылықтың алдын алуға болатын-
ын айтты.
Психолог Құдайберген Н.М. Балабақша ұжымында
эмоционалды орта қалыптастырудың мақыздылығын
атап өтті. Педагогикалық тактика әр баланың
психологиялық жай-күйін ескеру арқылы жүзеге асуы
тиіс деді.
Екінші сұрақ бойынша әдіскер Смазулова Г.Ш. сөз
сөйледі.
-Педагогтың өз жеке фотосуреттері мен бейнелерін
көпшілік алдында жариялау әдебі - бұл кәсіби этика
мен жеке жауапкершілікке негізделген мақызды тақы
рып. Педагог - қоғам алдындағы тұлға, сондықтан
жарияланған материалдар тәрбиеші, устаз бейнесіне
сай болуы тиіс. Фотосуреттер мен бейнелер әдепті,
мәдениетті, ар-намыс пен ұят қағидаларына қай-
шы келмеуі керек. Педагогтың әлеуметтік желідегі
парақшасы оның беделіне әсер ететінін ескерген жөн.
Бейнелер мен фотоларды көпшілік алдында жариялау
кезінде мұқият болуы керек.

Чиінші сұрақ бойынша меңгеруші Космагамбетов
Сөз алды:
– Педагогтың сөйлеу мәнері – ұстаздың кәсіби әдебі мен мәдениетінің айқын көрсеткіші. Ол педагогтың білімін ғана емес, оның тұлғалық мәдениетін, балаларға, ата-аналарға және әріптестерге деген құрметін де білдіреді.
Мәдениетті және сыпайы сөйлеу
– педагог әрдайым әдепті, байсалды, жылы үнмен сөйлеуі керек;
– балалармен, ата-аналармен және әріптестермен сөйлескенде „сіз", „өтінемін", „рахмет", „құрметті" еляқты сыпайы сөздерді қолдану мақызды;
– қатқыл, менмен немесе бұйрықты ун педагогикалық қатынасқа зиян келтіреді.
Педагогтың сөйлеу мәнері – оның мәдениетінің айнасы. Сөз тәрбие құралы, ал дұрыс сөйлеу – баланың жүрегіне жол табудың кілті.
Тәрбиешілер өз іс-тәжірибесінен өткен мысалдарын айтып өтті.

Шешім:

1. Педагогтер жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде педагогикалық әдепті сақтау.
2. Педагог әр жағдайға сай шешім қабылдаға жеке ерекшелікті ескере отырып дұрыс шешім қабылдауға әрекет ету.
3. Әр педагогке мәдениетті және сыпайы сөйлеу әрекет ету.

Балабацина директоры: [signature] Космагамбетова Ш.
Хатины: [signature] Избасарова А.А.